

О.Зенгин, Ж.С.Қалқабекова, А.А.Ганюкова

Көптілді білім беру жағдайында ғылыми лексиканы оқыту

Ғылыми лексиканы қолдануда сауаттылықты дамыту үшін, тілді үйренушілерге ғылыми салада ағылшын тілінде лексиканы міндетті түрде меңгеру қажет. Оқытушының алдында «Шетел тілі» мамандығы бойынша пәндерді тілдік емес, жоо-ның студенттеріне үйретуде, осы мамандықтардың негізгі ұғымы бойынша терминологияны түсінуге қысқа мерзімде рұқсат ететін тиімді әдістемелік тәсілдерді әзірлеу міндеті тұрады. Мақала авторлары кейбір стратегияларды және ғылыми лексиканы игеру тәсілдерін қарастырды.

О.Зенгин, Ж.С.Қалқабекова, А.А.Ганюкова

Обучение научной лексике в условиях полиязычного образования

В статье отмечено, что для развития грамотности употребления научной лексики обучающимся необходимо овладеть лексикой на иностранном языке в научной сфере. Определено, что при обучении студентов неязыкового вуза дисциплинам по специальности на иностранном языке перед преподавателем встает задача разработки эффективных методических приемов, которые позволят в кратчайший срок усвоить терминологию, отражающую основные понятия этой специальности. В рамках данной статьи авторы рассмотрели некоторые стратегии и приемы для освоения научной лексики.

ӘОЖ 378.016:78

К.Р.Исаева, А.К.Бұртибаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру

Мақалада бакалаврларды кәсіби дайындаудағы тұлғаның шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Сәндік-қолданбалы қолөнерінің негіздерін оқытуда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға назар аударылған. Дәстүрлік қолөнерінің ерекшеліктерін, жаңа шығармашылық шешімдерін қалыптастырудағы негізгі бағыттар сипатталған. Бұйымды дайындау үдерісіндегі қазіргі заман технологияларын қолданудың теориялық негіздері талданған. Сәндік-қолданбалы қолөнері саласы бойынша әдістемелік сипаттағы білімдер мен тәжірибелік дағдылар жүйесі берілген.

Кілтті сөздер: шығармашылық құзыреттілік, ұлттық қолөнер, сәндік-қолданбалы қолөнері, дәстүрлік қолөнер ерекшеліктері, шығармашылық шешім, технология, білім, дағды, жүйе, бұйым.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — деп аталынған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін — білім». Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек [1].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты [2].

Жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының, білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаудың басты мақсаты мамандықтарды игерту ғана емес, әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін кәсіби құзыреттілік мүмкіншіліктері арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін жүзеге асыру — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз — студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, дәстүрлі өнерді, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру [3].

Бүгінгі таңда әр пәннің оқытылуы баланың жан-жақты дамытуды көздеу, бала бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту, оның дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беру сияқты мәселелерді жан-жақты шешу қажеттілігі ескерілуде. Білім берудегі шынайы мақсат адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Бүгінгі таңда балалардың өмірден өз орнын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне де көмектесудің қажеттілігі арта түсуде. Өзін-өзі тану баланы жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін-өзі жетілдіріп, басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзіне-өзі бағыт алуына, өз бетінше бір шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Бірақ бұл жолда мұғалімге үлкен шығармашылық пен ізденіс керек. Онсыз ұстаздың бала жүрегіне жол табуы мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктер негізінде жеке адамды қалыптастыруға жеке кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, білім беруді акпараттандыру деп білім беру жүйесіне одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: «Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді», — делінген.

Оқыту екі жақтың да, мұғалім – оқушы, бірдей еңбек етуін талап ететін үрдіс, сондықтан ұстаз өзінің іс-әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалысымен ғана қанағаттанып қоймай, оқушының да белсенділігін, білім игерудегі әрекетін дамытуға ықпалын тигізуі қажет.

Қазіргі қоғам шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер мамандарға мұқтаж.

Қабілет — адамның тұтас психикалық қалпындағы басқа қасиеттермен табиғи бірлік. Шығармашылық өте күрделі процесс. Әр адам осы уақытқа дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды және шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінде шығармашылық, ізденгіштік қабілеттерін дамыту өте ерте кезден бастап қолға алуды қажет етеді. осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Шығармашылық — құзыреттілік — қолөнер және тағы басқа да әрекеттің нәтижелі түрлері туралы білім негізіне алғашқы қызығушылықтың оянуы.

Шығармашылық-эстетикалық құзыреттілік — әлемге саналы және белсенді эстетикалық көзқарастың тууы, көркем-шығармашылық қабілеттің байқалуы, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдауға дайын болуы. Шығармашылыққа тәрбиелеу көркем-эстетикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді, соның ішінде:

- көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын көрсетуі;
- көркем бейнелерді өзара салыстыра білуі;
- бейнелеу өнерінде бұйымдарының қызметі мен оларды жасаушылар туралы білуі;
- кескіндеменің бейнелі мазмұнына эмоционалды көңіл бөлуі мен көркем бейнелердің көңіл-күйін түсінуі;
- халықтық-қолданбалы өнерінің кейбір түрлері туралы білуі;
- шығармашылықпен бейнелеу, сәндік іс-әрекеттің дағдылары мен білігінің болуы [4].

Шығармашылық білім беру саласындағы педагогикалық процеске қойылатын талаптар:

- эстетикалық талғамы бар, оны балаларға үйретуге қабілетті;
- педагогикалық процесі Қазақстан Республикасы халықтарының этномәдени дәстүрлері негізінде құрады;
- өзінің шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекет аясында көрсетеді;
- әр баланың шығармашылық әлеуетін оның жеке өсуі үшін пайдаланады [5].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оның жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейді. Осыған орай әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие-білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жеке технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру — өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім мектептің тәрбие-білім беру процесінде шығармашылық оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктерінің іске асуына ықпал жасайды.

Мұндай құзыреттіліктің қатарына мыналар жатады:

- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [6].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана, студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтың құзыреттілігіне байланысты болады.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. ХХІ ғасыр — бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы

негізгі мақсат — ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ұлттық құндылықты әлемдік деңгейде көрсетуге қазақ халқының мәдениеті, тарихы қолөнерінің ерекшелігін ескеру маңызды.

Қазақ халқының қолөнерінің көпғасырлық мәдениет тарихы бар. Бұл мәдениет тарихы ғасырлар тереңінен көшпенділердің күнделікті тұрмысында қолданылатын әдеттегі заттары, яғни қолөнер шеберлерінің жұмысы, қолөнер заттары болып табылады. Сондықтан да қазір оларды өнер туындысы ретінде қарастырып жатады, практикалық жағынан ғана емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған шебер туындысы. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау ете білген. Қолөнер дүние жүзінің әр халқына тән, бұл — халық қазынасы, ғасырлар мұрасы, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғат ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өмірінде өшпейтін із қалдырып отырған.

Ұлттық қолөнер мәдени мұраның өшпес бір бөлігі болып саналады. Бұл дәстүрлі өнерді қамқорлыққа алу нәтижесінде қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін, тоқымашылық өнерін жандандырып, Б.Зәуірбекова, Сәуле мен Әлібай Бапановтар, Қ.Тыныбеков, М.А.Қалқабаев сияқты қолөнер шеберлерінің шығармашылығын үлгі тұтып, болашақ тарихымызды, дәстүрімізді сақтаушы ұрпақты өсіру іміз қажет.

Әрине, дүние жүзіндегі әр халыққа ата-баба мұрасын, халық қолөнерін сақтап қалу — парыз. Атадан балаға мирас болған қолөнерін жалғастырушы шеберлердің қатары бірте-бірте азая түсуде. Халық шеберлерінің теңдесі жоқ ғажайып өнер туындылары болашақ ұрпақты қуантып, өнердің жаңаша туындылығын алып, өміршеңдігі арта түсеріне сөз жоқ.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға үйрету барысындағы білім беру моделінің жаңа бағыттарының бірі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау болып табылады. Болашақ мұғалімнің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде үздіксіз педагогикалық білім алуының маңызы мынадан көрінеді: кәсіби даярлық кезеңінде оның бойына педагогикалық тәжірибенің шынайы жағдайларында қажетті білімдер мен дағдыларды өз бетінше алуға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыру; өзінің кәсіптік-шығармашылық әлеуетін жетілдіру; оқушылардың мектепте технологиялық білім алу жағдайлары мен мазмұнын дамытуға ықпал ету.

Мұндай жағдайларда болашақ мұғалімнің жетекші кәсіптік қасиеттеріне мыналар жатады: шығармашылық ойлауын дамыту; кәсіби белсенділік; ақпаратпен жұмыс істеудің әдіснамалық білімдері мен тәсілдерін меңгеру; іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруге дайындығы мен қабілеттілігі; кәсіби-тұлғалық даму мен жетілуге деген қажеттілік [7].

5В010700 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы оқу жоспарына және оқу түріне сәйкес, «Қолданбалы-сәндік өнер негізі» пәні қолданбалы сәндік қолөнердің қоршаған ортаның көркемдік танымға бағытталған теориялық және методологиялық білім негізін игеруге және бағдарламалық қолданбалы материалдардың қасиетін, құрылымын білуге және игеруге, қолданбалы қолөнердің технологиялық үрдісін игеруге, іс-әрекеттің тәсілдерін оқып үйренуге бағытталған.

«Қолданбалы-сәндік өнер негізі» пәнінің мақсаты:

- көркемдік-әшекейлеу арқылы заттық орта объектілерінің пішінін құрастыру;
- көркемдік өнер және қолөнер саласындағы кәсіптік біліктілігі;
- көркемдік-әшекейлеу арқылы заттық орта объектілерін және бұйымдарын құрастыру (пішін жасау, конструкциялау);
- көркемдік өнер мен қолөнер дамыту процесіне қатысу;
- көркемдік өнер және қолөнер кәсібінің бұйымдарын, объектілерін дайындаудағы қазіргі заман талабына сай технологияларды меңгеру.

Студенттердің «Қолданбалы-сәндік өнер негізі» пәнінің бағдарламалық материалын игеру нәтижесінде келесі құзыреттіліктері қалыптасады:

- сәндік-қолданбалы өнерінің даму тарихын; сәндік-қолданбалы өнерінің түрлері мен ұғымдарын игерген;
- көркем шығармашылық ұжымдарда өндірістік шеберханаларда, дизайнерлік фирмаларда меншік түрлері көп салалы болып келетін халықтық кәсіпшілік өндірістерінде қызмет жасауға бейім;

- қазіргі материалдардың негізгі қасиеттерін, материалдардың құрылысын, сонымен қатар материалдардың өңдеу ерекшеліктерін оқып-біліп, шығармашылық жұмыс жасағанда әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана біледі;
- бұйым көркемдеуде қолданылатын түрлі тәсілдердің ерекшеліктерін; түрлі фактуралы материалдардың бір-бірімен дұрыс үйлесімділігін таба біледі;
- студент ойындағы жобалау эскиздерін зерттеп, бұйымды көркемдеп, сәндеудің техникаларын игереді.

Сәндік өнердің теориясы мен практикасы, форманың құрылуы, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын орындау және көркем жобалау саласында білікті болу жоғарыда аталған құзыреттіліктер арқылы қамтамасыз етіледі.

Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудің басты заманауи үдерістерінің бірі педагогикалық білім беруді ізгілендіру болып табылады, ол өз пәнінің құралдары арқылы оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға, оқытудың заманауи формалары, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға кәсіптік деңгейде дайын болып келетін болашақ маманның субъектілік дамуы мен өзін-өзі дамытуын қарастырады [8].

Сәндік-қолданбалы қолөнер оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дамиды, әрине, бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және салалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз.

Қазіргі таңдағы өміршең міндеттердің бірі халықтың ұрпаққа қалдырған мәдени мұраларына назар аудару, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен түп тамырын тану болып табылады. Оқушылармен жұмыс барысында сәндік-қолданбалы өнердің жалпы сипаттамасы және оның басқа өнер түрлерінен айырмашылығы, өзінің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырып, халықтық сәндік өнердің негізгі көркемдік тілі, бейнелеуші құралдары, қолданбалы бұйымды жасау мен әшекейлеудің негізгі көркемдік принципін туралы жүйелі түсінік берілуі тиіс.

Еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет, өнер және қолөнер негізінде біліктілік пен іскерлік қалыптастыру, мәдениеттілікке баулу, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу қажеттілігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген. Осыған байланысты болашақ маман бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, ол тұлға дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады. Аталмыш мәселенің әсіресе ел болашағының кілтін ұстап отырған жас буын — мектеп оқушылары үшін маңызы айрықша.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан – 2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы. — 2010. — 6 б.
- 3 Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. — 2004. — 3–4 б.
- 4 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана. — 2004. — 28 б.
- 5 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: Теория және тәжірибе // Алматы. — 2005. — 174 б.
- 6 Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — 2008. — 30–32 б.
- 7 Технология профессионально-личностного развития будущего учителя, его готовности к организации воспитательного процесса в образовательном учреждении: Науч.-метод. рекомендации / Под рук. В.А.Сластенина. — М.: Новый учебник, 2003. — 176 с.
- 8 Әбдігаппарова Ұ.М., Ұзақбаева С.А. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерін білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы. — Алматы, 2007. — 23 б.

К.Р.Исаева, А.К.Буртибаева

Формирование творческой компетенции студентов

В статье рассмотрены вопросы профессиональной подготовки бакалавров при формировании творческой компетенции личности. Выделены творческие способности студентов при изучении основ декоративно-прикладного искусства. Описаны основные направления формирования новых творческих решений особенностей традиционного декоративного искусства. Проанализированы теоретические основы использования современных технологий в процессе изготовления изделий. Дана система знаний и практических навыков методического характера в области декоративно-прикладного искусства.

K.R.Isayeva, A.K.Burtibayeva

Formation of the creative competence of students

In article questions of vocational training of bachelors are considered at formation of the creative competence of the person. Creative capacities of students are allocated at studying to bases of arts and crafts. The basic directions of formation new creative the decision of features of traditional decorative art are described. Theoretical bases of use of modern technologies during manufacturing products are analyzed. The system of knowledge and practical skills of methodical character in the field of arts and crafts is given.

УДК 371.13:[37.034+37.036]

Б.А.Жекибаева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

О методике формирования готовности будущих учителей к нравственно-эстетическому взаимодействию с учащимися

В статье представлены результаты внедрения методики формирования готовности будущих учителей к нравственно-эстетическому взаимодействию с учащимися. Отмечено, что необходимость разработки такой методики обусловлена анализом исходного состояния готовности студентов и учителей школ к нравственно-эстетическому взаимодействию с учащимися, а также возможностями педагогического процесса вуза, содержанием учебных планов, типовых программ, учебников и учебных пособий по педагогическим дисциплинам.

Ключевые слова: взаимодействие, нравственно-эстетическое взаимодействие, методика формирования будущих учителей, теория поэтапного формирования умственных действий, теоретическая модель, опытно-педагогическая работа, потребностно-мотивационная сфера личности, субъект-объект-субъектные отношения, система диагностики, воспитательные механизмы целостного педагогического процесса.

Основанием для разработки методики формирования готовности будущих учителей к нравственно-эстетическому взаимодействию с учащимися явились:

- определение сущности формирования готовности будущих учителей к нравственно-эстетическому взаимодействию с учащимися как процесса образования системно-личностного качества, основанного на совокупности знаний содержания, методов, форм, средств нравственно-эстетического взаимодействия с учащимися и умений его осуществлять, связанных с сознательным использованием объективных закономерностей функционирования целостного педагогического процесса;
- разработка теоретической модели формирования искомой готовности, включающая мотивационно-личностный, содержательный и процессуальный компоненты исследуемой готовности;